

ӘОЖ: 821 512122. 0

**ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТТЫҚ
КОДЫҢДЫ САҚТАУ****Абдықадырова Т.Р.***(п.ғ.д., профессор «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ., Қазақстан)***Қадыров Ж.Т.***(ф.ғ.к., профессор «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, М. Қозыбаев
атындағы СҚМУ, Петропавл қ., Қазақстан)***Аңдатпа**

Бұл ғылыми мақалада рухани жаңғыру, ұлттық кодымызды сақтау мәселесі қарастырылады. Ұлттық код дегеніміз қазақ халқының жаратылысы, табиғаты, рухани бітімі, өмір салты екендігі және ұлттық құндылық белгілері айтылады. Адами қасиеттерді, рухани ерекшеліктерді жаңғырту, заманның ағымына сай өзгеру – жеке адамның ғана емес тұтастай қоғамның міндеті екендігі сөз болады. Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана, қазақстандық прагматизм мәселелері нақты ойлар арқылы жүйеленіп беріледі.

Түйінді сөздер: жаңғырған қоғам, ұлттық болмыс, тарихи тереңдік, рухани код, жаһандану, адами қасиеттер, рухани жаңғыру, заман ағымы, халықтық руханият.

Аннотация

В данной научной статье рассматриваются проблемы сохранения национального кода и духовного возрождения.

Национальный код – это возрождение казахского народа, его природы, духовной целостности, жизненных и национальных традиций.

Идет речь об изменениях человеческих качеств, особенностей духовного обновления. Изменения в направлении современного мира не только обязанность одного человека, но и всего общества в целом. Сохранение национальной целостности, национального сознания, проблемы казахстанского прагматизма – все это передается через систематизированность конкретных мыслей.

Ключевые слова: модернизированное общество, национальная реальность, историческая глубина, духовный код, глобализация, человеческие качества, духовная модернизация, течение времени, народная духовность.

Annotation

This article deals with the problems of preserving the national code and spiritual revival.

The national code is a revival of the Kazakh people, its nature, spiritual integrity, life and national traditions.

There is talk about changes in human qualities, features of spiritual renewal. Changes in the direction of the modern world are not only the responsibility of one person, but of the entire society as a whole. Preservation of national integrity, national consciousness, the problem of Kazakhstan's pragmatism – all this is transmitted through the systematization of specific thoughts.

Key words: modernized society, national reality, historical depth, spiritual code, globalization, human qualities, spiritual modernization, course of time, national spirituality.

Кіріспе

Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры, тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу, – деген біздің Елбасының сүбелі сөзі қазіргі таңда жаһандану үрдісінде дер кезінде айтылған және көтерілген өзекті мәселе... Әрбір ұлттың өзіндік ұлттық кодын сақтай отырып, адам баласына ғана тән адами қасиеттерді, рухани ерекшеліктерді

жаңғырту, заманның ағымына сай өзгеру – жеке адамның ғана емес тұтастай қоғамның міндегі. Қоғамдағы саналы әрбір адам әлемдік өркениетте өз орнын жоғалтып алмайтын, өзгелерден өзін қор санамайтын, бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Ал, бәсекеге қабілеттілік қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың бәсекелік қабілетін арттырып, табысқа жетуге мүмкіндік алып, әрекет етуі... «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін», – деп айтылған пікірден экономикалық бәсекелістікпен қатар рухани құндылықтарды бойына сіңіру арқылы, сапалы ұлт болып қалыптасудағы бәсекелестікке төтеп беру, адами құндылықтарды дамыту, қоғамның әрбір мүшесінің мәдени, рухани байлығын дамыту әлдеқайда күрделі екендігі ақиқат...

Зерттеу нәтижесі

Адамның жан – жақты дамуы – қоғамдық мәдениет байлығын игеру нәтижесінде қоғамның әрбір мүшесінің еңбегі жинақы іске, игілікті әрекетке, ал адам іскер және шығармашыл жеке адамға айналып отырса ғана ізгілікке қол жеткізеді, соның нәтижесінде рухани жаңғыруға бағытталамыз, тіліміз бен әдебиетімізді жаңғыртамыз, дәстүрімізді дамытамыз... Бұл адамды тар өрісті еңбек функциясына басыбайлы, біржақты «жарым – жарты» ететін әлеуметтік еңбек бөлінісін жойғанда ғана мүмкін болады. Бұл – бір адамның бойына бүкіл және әртүрлі еңбек функцияларын, мамандықтарын және т.б. өзіне – өзін қабыстырып жинау арқылы емес адамнан жоғары тұрған дербес әкімшілік бақылаушы, бөліп тұрушы және т.б. функцияларды қажет етпейтін шын мәнісіндегі адамның жан – жақтылығын, адами сапаны дамыту арқылы іске асырылады. Адам еңбек процесінде бұл функцияларды өзінің жинақы әрекетіне айналдырып, жан – жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Жаңа кезең жай сегіз қырлылықты емес, адам дамуының тұтастығын, үйлесімділігін талап етеді. Рухани жаңғырудың қоғам дамуының кейбір принциптері әрбір жеке адамды толық және еркін жетілдіру болып табылады. Жан – жақты жетілген адамды қалыптастыру ғасырлар бойы өзекті мәселе болып келеді.

Яғни ешкімнің бұйрығынсыз шығармашыл, үйлесімділікте, тұтастықта толық және еркін дамитын адамды қалыптастыру арқылы рухани жаңғыра аламыз, бұл процесс әр кезеңде үлкен қажеттілік туғызып отырған.

Философия ғылымдарының докторы А. Нысанбаев өзінің «Тәуелсіздік Қазақстан философиясы» атты еңбегінде: «Халықтың өзіндік санасы мәдени және тарихи тамырдан ажырауы мүмкін емес және оның үстіне, ол жаңашылдық даму үдерісіне бойлаған берік мәдени дәстүрге сүйенбей дамуы мүмкін емес, сонымен қатар дәстүрді ескермеген қандай да бір мәдени жаңалық болуы да мүмкін емес», – деп көрсетеді.

Біздің пікірімізше де, халықтық сана мен дәстүрді бойына сіңірген тұлға тәрбиелегенде ғана адамзаттың рухани биіктерге өрлеуіне ықпал жасайтын, Қазақстанның болашағының жарқын болуына еңбек ететін рухани жаңғырған ұлттық тұлғаны қалыптастыра аламыз. Ұлттық тұлғаның қалыптасуы рухани жаңғыруға бағдар болады.

«Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», – деген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөзі, айтқан пікірлері еліміздің ертеңгі болашағына бағдар жасауы [1; 13].

Сонымен, халық руханиятының және даналығының бастауларын бойына қалыптастырған, «Жеті атасын білетін ер мен жеті ғасыр тарихын білетін елді», мәдениеті жоғары деңгейде дамыған ұлттық мемлекетті басқаратын, отанын сүйетін,

оның дамып қалыптасуына өз ерік – жігерін қосатын ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық тұлға қалыптастыру өзектілігін арттыруда, күннен – күнге беки түсуде.

«Отансыз адам – қай жерде жүрсе де бейшара адам. Өзіңнің еліңе, Отаныңа, жеріңе, ата – бабаның төккен қаны мен теріне адал болуың керек. Қайда жүрсе де, не істесе де қазағын – елін ойлап, осыны көркейтсем, кіндік қаным тамған елім аман болып, оның дәрежесі жоғары болса, қай мемлекетке барсам да мені сыйлайды деген түсінікте болу керек», – деген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүрек жарды сөзінен де халқымыздың рухани құндылықтарының, даналық тамырларының тамыры тереңде жатқандығын байыптаймыз. Рухани жаңғыру – ертеңіміздің, жарқын болашағымыздың баянды болуының негізі.

Халық руханиятының және даналығының бастауларын бойына қалыптастырған, «Жеті атасын білетін ер мен жеті ғасыр тарихын білетін елді», мәдениеті жоғары деңгейде дамыған, ата – бабаның төккен қаны мен теріне адал, ұлттық мемлекетті басқара алатын, оның дамып қалыптасуына өз ерік жігерін қосатын, қасаң қағидаларды өзгертуге, жаңғыртуға икемді, туған жерін сүйетін оны көздің қарашығындай сақтайтын ұрпақ тәрбиелеу заман талабы, сондықтан осының негізінде, толыққанды жаңғырамыз, Қазақстандық прагматизмді қалыптастыра аламыз. «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз», – дейді Елбасымыз. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін байқаймыз. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемдеп, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанған екен. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында да туған жерге қатысты «Туған жер», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Қазақстандағы 100 жаңа есім», ұлттық бірегейлікті сақтау атты бағдарламаларын ұсынды.

«Туған жер» – «Туған Ел» бағдарламасы кіші отанның жаңғыруы арқылы жалпыұлттық патриотизмнің қалыптасуына бағытталады. Ол өлкетану, өлкетанулық мұражайлар жүйесін дамытуға негізделіп, білім беру жүйесінде орта мектептердің бағдарламаларында туған өлкені зерттеуден бастау алады. Әрбір мекен өзінің қаһармандары мен тарихи орындарына бай. Сол себептен әрбір аймақта аймақтық тарихты оқытуды, мәдени және тарихи ескерткіштерді және жергілікті ауқымдағы мәдени нысандарды қайта қалпына келтіруді ұйымдастырып, осы бағытта көптеген жұмыстарды атқару міндеттері тұр.

Ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана–сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт – дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Үшінші мыңжылдық қоғам мен мемлекеттің дамуының басты тетігі әрине – Білім, дегенмен тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы болары анық. Сондықтан дәстүрге тағзым етуге, әдебиетіміз бен тілімізді құрметтеуге бағытталған білім бергенде ғана біз дамимыз, мәңгілік Ел боламыз. Бізге Абайдың

даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні ауадай қажет, себебі бұлар біздің рухани мәдениетіміздің түпқазығы, тамырымыздың негізі.

Әрине, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері де бар. Біз технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кеткелі тұр. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын – соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең – ақ ескіге айналатын, жаңалығы желмен жарысқан, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық.

Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі.

VI – VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон – Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі. V – XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат – хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады. X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. «Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан – 2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім. Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз», – деген Елбасымыздың сөзі берген тапсырмаларын орындау мақсатында латын әліпбиіне көшу жұмыстары атқарылып, жан – жақты талдануда.

Ал, латын әліпбиіне көшу – тілдік ерекшелігімізді сақтау, әлемдік интеграция, ақпарат алу мүмкіндігіміздің артуы. Біріншіден, қазақтың артикуляциялық (айтылым) базасын жаңғыртып, сақтап қаламыз. Басқаша айтқанда, сырттан келген сөздерді бұрынғыша сындырып жазып, қазақи болмысымызға тән қалыптастырамыз.

Екіншіден, жаһандық өркениетке ілесе алатын боламыз. Бұл іске тілтанушы ғалымдар бұрыннан дайындықпен келе жатыр. Өйткені латын жазуы ағылшын тілі сияқты әлемге кең тараған әліпби екені белгілі. Дегенмен, қазақ әліпбиін 2025 жылға қарай біртіндеп латын қарпіне көшіру мәселесін жүзеге асыруда мақсатты нәтижеге жету үшін, ең алдымен, латын әліпбиін меңгерту әдістемесі жасалуы керек деп есептейміз.

Қорытынды

Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай

жанның өмір – бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт – дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени – генетикалық кодтың негізі ретінде қарау керек екендігін көрсетеді. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан – ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сондықтан тілімізді, әдебиетімізді жаңғыртып, салт – дәстүрімізді, құндылықтарымызды сақтап жаңғыруымыз керек. Тәуелсіздік құндылықтары – рухани жаңғыру мен ұлттық кодынды сақтау. Ал, рухани құндылықтар арқылы жетілу, жаңғыру, даму – дамудың ең бір төте жолы болып табылады.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Рухани жаңғыру, болашаққа бағдар. – «Егемен Қазақстан» газеті. 2017, 12 сәуір.
2. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 жыл 17 қаңтар.
3. Нысанбаев А. Адамға қарай бет бұрсақ. (Ежелгі Грек философиясы туралы ой толғаулар). – Алматы: Қазақ университет, 1997. – 153 б.
4. Әбдіқадырова Т. Алаш және ұлт қайраткерлері. – Тараз, 2017. – 304 б.

УДК: 304.2:316.43

ПРОБЛЕМА ИЗУЧЕНИЯ ФЕНОМЕНА КОРРУПЦИИ

Ахметов А.С.

(доктор Ph.D, ассоциированный профессор (доцент) профессор, ПГПУ, г. Павлодар,
e-mail: arman.ahmetov@mail.ru)

Аңдатпа

Мақала жағымсыз әлеуметтік құбылыс ретінде жемқорлықтың табиғаты мен мәнін зерттеуге арналған. Мақаланы жазу барысында автор мазмұнын ашатын жемқорлықтың базалық принциптері мен негізгі ерекшеліктерін айқындады. Автор жемқорлық феноменінің ерекшеліктерін зерделеу саласындағы ғалымдардың қолданыстағы ғылыми көзқарастарын талдауға ерекше көңіл бөліп отыр. Ғылыми жұмыс жемқорлықты зерделеу мәселелері бойынша отандық және шетелдік авторлардың ғылыми зерттеулерінің негізінде жазылған.

Түйінді сөздер: жемқорлық, құқық, қоғам, жүйе, заң, заңгер, әлеуметтік сала, жемқорлыққа қарсы саясат, білім беру, азаматтық қоғам.

Аннотация

Статья посвящена исследованию природы и сущности коррупции как негативного социального явления. В процессе написания статьи автором были выделены основные характерные черты и базовые принципы коррупции, которые раскрывают ее содержание. Особое внимание автором уделяется анализу существующих научных подходов ученых в области изучения особенностей феномена коррупции. Научная работа написана на основе научных исследований отечественных и зарубежных авторов по вопросам изучения коррупции.

Ключевые слова: коррупция, право, государство, общество, система, закон, юрист, социальная сфера, антикоррупционная политика, образование, гражданское общество.

Annotation

The article is devoted to the study of the nature and essence of corruption as a negative social phenomenon. In the process of writing the article, the author highlighted the main features and basic principles